



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

«ХАЛЫҚТЫҚ IPO»-НЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ**Абдулла Арайлым Бахбергенқызы***Arailym-abdulla@mail.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Құқықтану мамандығының 3 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – С.Г Қожахметова

Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар нарығын жетілдіруге және қарапайым азаматтарға негізгі отандық компаниялардың акцияларына ие болуға қолайлы жағдай туғызуға әрқашан ұмтылуда. 2011 жылдың 11 желтоқсанда ҚР Президентінің бастамасымен өткізілген «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының XII съезінде «Самұрық-Қазына» қорына кіретін ұлттық компаниялардың акцияларын халық арасында орналастыру бағдарламасын жасақтауға тапсырма берілген болатын.

Осыған орай ҚР Үкіметі Самұрық-Қазына Ұлттық Әл-ауқат қорымен біріге отырып, Самұрық-Қазына Ұлттық Әл-ауқат қоры акционерлік қоғамының еншілес және тәуелді ұйымдары акцияларының пакеттерін бағалы қағаздар нарығына шығару бағдарламасын 2011ж. 8 қыркүйекте № 1027 қаулысымен 2022 жылға дейінгі мерзімге бекітті.

Аталған бағдарламаны жүзеге асыру барысында 2011-2022 ж. аралығында ҚР азаматтарына ұлттық компаниялардың акциялары ұсынылатын болады және олардан дивиденд түрінде табыс алуға мүмкіндігі беріледі.

2012 жылы 14 желтоқсанда қабылданған ҚР Президентінің «Қазақстан Стратегиясы - 2050» Жолдауында «халықтық IPO» ұлттық байлықтың халықтың қолына бөліп берудің тәсілі ретінде айтылған.

Бұл бағдарлама көптеген шетелдерде танымал болғандықтан, салыстырмалы түрде Қазақстанда кейінірек жүзеге асырыла бастады. Сондықтан, «халықтық IPO» түсінігінің болмысын, оның даму сатыларына талдау жасап, зерделеу үшін бұл түсініктің тарихына тоқталғанды жөн көрдік.

Нарықтық қатынастардың жағдайында әлемдік заңнама мен экономика жеткілікті түрде дамығанымен, әлі бірде бір мемлекеттік заңнамасында акцияларды бастапқы орналастыру бағдарламасы, яғни «халықтық IPO» терминінің еш жерде ресми дефинициясы жазылмаған. Ескеретін жайт, бұл барлық дамыған және дамушы елдерге қатысты [1, 53 б.].

IPO (Initial Public Offering) сөзінің мағынасының мәні – бастапқы жария ұсыныс немесе орналастыру – акционерлік қоғамның акцияларының шектелмеген адамдар тобына сонымен қатар депозитарийлік қолхат түріне акцияның алғашқы жария сатылымы [2].

Бұл аббревиатураның анықтамасын түсіну үшін, классикалық IPO-дан оның ерекшеліктерін ажыратуымыз қажет. Кәсіби маманның еңбектеріне назар аударсақ, мынадай тұжырым шығарады: «техникалық тұрғыдан «халықтық IPO» ірі мөлшердегі бөлшек сауда инвесторларына тікелей сатылымды, нақтырақ акцияларды орналастыру қазақстандық азаматтардың неғұрлым көп саны қатысуы орын алатындай сипатта болуын көздейді. Ал, қарапайым IPO мағынасы қолданыстағы компанияның акционерлері өздерінің акцияларының бір бөлігін немесе қосымша жарияланған акцияларларды инвесторлардың кең тобына сатылуы ретінде түсініледі» [3, 38 б.].

«Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның экс-президенті Қадыржан Дамитовтың айтуынша: «халықтық IPO» өткізу қазақстандық бағалы қағаздар нарығының өтімділігін ұлғайтуға бағытталған негізгі шара болып табылады. Ұлттық компаниялардың IPO өткізуінің жағымды жағы отандық нарықта мемлекеттің қатысуымен ірі компаниялардың акцияларының шығарылымы биржада жеке, жаңа бөлшек сауда инвесторларының тобының қалыптасуына жаңа серпін бере отырып, бұл жағдайда тұтастай өтімділікке оң әсер етеді». Әлемдік қор нарығы жағымды мысалдар келтіруде [4, 25 б.].

Дүниежүзілік дамыған елдерде экономикалық өсудің толқынында ұқсас тәжірибе айтарлықтай кең қолданылады. Мысалы, 1930 жылдары Германияда алғаш «халықтық IPO»

нәтижесінде мемлекет тұрғындары бірнеше жыл неміс өнеркәсібіне құйылған инвестициялардың иелеріне айналып, елдің экономикасының алға секіруіне мүмкіндік жасады. Германияда қазіргі жүзжылдықта, 2004 ж. өткізілген тағы бір «халықтық IPO» Deutsche Postbank мемлекеттік банкінің акцияларына бағанының шамамен екі есе жоғарылауын қамтамасыз етті.

Тағы бір мысал ретінде Малайзиядағы тәжірибені айтсақ, мемлекеттік корпорацияларды жекешелендіру нәтижесінде 1970-1980 жж. акциялар нарығына 8млн. артық адам тартылып, қор нарығының дамуына серпіліс бере отырып, сол сәтте мемлекеттік кәсіпорындардың акциялары әлі күнге дейін малайзиялық капитал нарығындағы ең өтімді құрал ретінде сақталып келеді. Ал, Польшаның билік басындағыларына ауқымды жекешелендіру компанияларының шамамен 740 кәсіпорындар «халықтық IPO» үлгісімен 2009-2011ж. ішкі қарыздардың мөлшерін қысқартуға және бюджеттегі шығындарды жамауға мүмкіндік берді.

Алайда, бағдарламаны жүзеге асыру тәжірибесін зерттей келе, кейбір мемлекеттерде теріс нәтиже орын алғандығын анықтадық. Мысалы, сәтсіз «халықтық IPO»тізімін ресейлік мемлекеттік компаниялардың санымен толықтырылды. 2006 ж. бастап үш ресейлік алып – «Роснефть», Сбербанк и ВТБ бастапқы жария қағаздарды орналастырды. Инвесторлардың үлкен мөлшері (131 мың адам) ВТБ-ның акцияларына қатыстыра алды, бірақ ақшалай мағынада қалғанын «Роснефть» 750 млн.доллар жинай алды. Алайда, бірақ уақыттан соң акцияларды сатқаннан кейін оның бағасы Роснефть – 25,81 %-ға, Сбербанк - 49,21 %-ға, ВТБ – на 61,54 %-ға төмендеп кетті. Сонымен қатар, қорытындысы бойынша дивидендтер де құлдырады. Сол себептен, осы компанияның мыңдаған акциялардың сатып алған ресейліктер өздерінің табыстарын ұлғайтпақ түгіл, елеулі шығынға ұшырады [5].

Қазіргі таңда көрші мемлекет «халықтық IPO» бағдарламасын енгізуін қарастырмайды. Мамандардың айтуынша, алдағы жекешелендіру «халықтық IPO» үлгісімен өтеді деу екіталай. Бұрын болған сатылымдар қорытындысында пайда болған теріс салдардан халық әлі өздеріне келе алмады және жаһандық тұрақсыздық жеке инвесторлардың көп тобына қызығушылық тудармайды [6].

Зерттеудің нәтижесінде, IPO бағдарламасы жүргізілу кезеңінде көптеген қазақстандықтардың қор нарығында бағалы қағаздарға инвестицияландыру мүмкіндігі жайлы жақсы ақпараттандырылмағандығын анықтадық. Ол үшін елдің әр ауданында жергілікті атқарушы органдармен біріге отырып аталған бағдарламаны түсіндіру мақсатында кеңестер және қоғамдық дәрістер өткізілді. Сәйкесінше, «Қазпочта» АҚ-ның әрбір филиалында азаматтарға ақпарат беретін және бағдарламаға қатысу үшін қажетті құжаттардың тізімін ұсынатын ақпараттық бөлімшелер қызмет етті.

ҚР Экономикалық даму және сауда министрлігінің министрі Бақытжан Сағынтаев атап өткендей: «бағдарламаның ресми веб-сайты www.halyk-ipo.kz күнделікті тәулік бойы ақысыз «қауырт желі» жұмыс істейді [7].

Қазақстанда орналастырылған бағалы қағаздар бойынша «халықтық IPO» бірқатар компаниялар тартылған болатын. Енді, қысқаша олардың қызметіне тоқталамыз. «Халықтық IPO» қатысушылары Самұрқ Қазына әл-ауқаттық қорына кіретін компаниялар мен еншілес ұйымдар еді. Бірінші кезеңдегі өрлеуден кейін, яғни 2012 ж. желтоқсанынан бастап «Қазтрансойл» АҚ жүзеге асыру кезеңінде 34мың қазақстандықтар 38463559 акцияның сатылымы қанағаттандырылып, халықтық акционерлерге айналды. 2014 ж. желтоқсанында «KEGOC» АҚ акцияларын орналастыру басталып, нәтижесінде 41997 тапсырыс беріліп, тапсырыс көлемінің жиынтығы 16675918 мың теңгені құрады. 2015 ж. – «Самұрқ-Энерго» АҚ қатысушысы болды [8].

Айта кететін жайт «халықтық IPO» шығарылған КазТрансОйл» (КТО) АҚ бір акциясының құны 725 тг, ал KEGOC 505 тг құрады. 2013 жылы 28 мамырдағы «Қазтрансойл» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысында, бір жай акциясына 75 теңге есебінде дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданды. 29 млрд. теңге көлеміндегі дивидендтер төлемі 2013 жылдың 4 шілдесінде жүзеге асырылды. Жоғарыда айтылғандарды талдай отыра, бұл

бағдарлама азаматтардың сақталған ақшасын көбейту тәсілі және ұлттық компаниялардың қосымша капитал жұмылдыру құралы ретінде қарастырылады.

2011 ж. 8 қыркүйектегі ҚР Үкіметінің № 1027 қаулысына сәйкес Самрұқ-Қазына Ұлттық Әл-ауқат қоры акционерлік қоғамының еншілес және тәуелді ұйымдары акцияларының пакеттерін бағалы қағаздар нарығына шығару бағдарламасы бойынша кем дегенде 160 000 ҚР азаматтарының қатысуы жоспарланды.

Ескере кететіні, Қазақстандағы «Халықтық IPO» бағдарламасын жүзеге асыру уақытында орындалуына кедергі келтіретін себептер табылды. Астана халықаралық қаржы орталығы құрылуына орай, компанияларды халықаралық аренаға IPO-ға шығару мақсаты қойылды. Демек, компаниялардың акцияларының негізгі бағыттары мен қағидаттарын түбегейлі өзгертті.

Бағдарламаның келесі себебі шетелдік азаматтардың акцияны сатып алуға қатысуының шектелуі болып табылады. Бұдан басқа, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарына салалық бағдарламаларды біріктіруіне сәйкес мемлекеттік бағдарламаларды қысқарту орын алды. Бұл Ұлттық экономика министрлігі «бес институттық реформаны жүзеге асыру бойынша» 100 қадам – Ұлт жоспарының 92 қадамын жүзеге асыру шеңберіне байланысты. Сол себепті, «халықтық IPO» бағдарламасын қысқарту және оның ережелерін қордың даму стратегиясына интегралдау ұсынылды [9].

Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 27 тамыздағы № 954 қаулысында акцияларды бастапқы орналастыру жайлы ең алғаш заңнамалық тұрғыдан айтылды. Сәйкесінше, 2010 жылдың соңындағы жағдай бойынша банктер болып табылмайтын, брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың саны 52 болса, 2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша олардың саны 24-ке дейін азайды, брокерлік компаниялардың активтері 4 есе қысқарды. Инвестициялық портфельді басқарушылар саны 39 компаниядан 27 компанияға дейін қысқарды, ал олардың активтері 30,1 %-ға азайды [10].

Бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметтің лицензиялық түрін жүзеге асыратын ұйымдардың жарғылық капиталдарына талаптар жоғарылатылып, тәуекелдерді басқару жүйесіне және бағдарламалық-техникалық қамтамасыз ету жүйесіне талаптар күшейтілгендігін ескеру маңызды. Өтініш берушінің (лицензиаттың) жарғылық капиталының ең аз мөлшері туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 168 Қаулысына сәйкес:

1) Республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңымен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткішінің 400 000 еселік мөлшерінде - номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға;

2) Республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңымен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткішінің 400 000 еселік мөлшерінде - клиенттердің шоттарын жүргізу құқығынсыз брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға;

3) Республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңымен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткішінің 300 000 еселік мөлшерінде – ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығынсыз инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға белгіленген [11].

Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 тамыздағы № 214 қаулысында тәуекелдерді басқару жүйесі – төрт негізгі элемент: тәуекелді бағалау, тәуекелді өлшеу, тәуекелді бақылау және тәуекел мониторингі кіретін процес екені жазылған. Әрі қарай, қаулыда тәуекелдерді басқару жүйесіне қатысты негізгі талаптар көрсетілген (12-бап).

Бастапқыда бағдарламаны жасақтау барысында қойылған мақсатқа қол жеткізілмеуі мүмкін себептер болжанған болатын. 2012-2022 жж. Самұрық-Қазына әл-ауқаттық қорының дамуы стратегиясында «Халықтық IPO» бағдарламасының міндеттерінің орындамау салдарынан капитал тарту мүмкіндігінен айырылуы жазылған. Оған себеп, компаниялардың IPO-ға дайындалуына тартылған қызметкерлердің жеткіліксіздігі, консалтингтік қызметтердің дәрежесінің төмендігі болуы мүмкін. Осының салдарынан, өткізіліп жатқан мемлекеттік шараларға деген азаматтардың сенімсіздігі туындауы мүмкін.

«Финам» инвестициялық холдингінің аналитигі Богдан Зваричтің ойынша 2018 ж. орналастырылатын компаниялардың акцияларына сұраныс жеке инвесторлардың жағынан өте төмен болуы «Халықтық IPO» бағдарламасынан бас тартуына әкеліп соғады. Алайда, Қазақстанның экономикасы және әлемдік нарықтағы жағдай жақсарса, мемлекет әлі де бұл бағдарламаға қайта оралуы мүмкін.

Осылайша, уақыт көрсетіп отырғандай «Халықтық IPO» жүзеге асыру бағалы қағаздар нарығында жетістікке жетудің сәтсіз талпынысы болды. Біздің ойымызша, сәтті нәтижеге жету үшін қазақстандық бағалы қағаздар нарығына жаңа эмитенттер қатыстырып, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің рөлін төмендету қажет. «Халықтық IPO» жетілдірудің басымдығы ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 тамыздағы № 214 қаулысына өзгерістер енгізе отыра жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшеріне талапты төмендету, тәуекелдерді басқару жүйесіне және бағдарламалық-техникалық қамтамасыз ету талаптарын жұмсарту арқылы орнатылады.

Біз XX ғасырда «Халықтық IPO» бағдарламасын сәтті өткізген және әлі күнге дейін мемлекеттік кәсіпорындардың акциялары әлемдік экономикаға ықпал ете алатын Малайзияның тәжірибесін қабылдауымызға болады. Осылайша, біз малайзиялықтардан қарастырып, зерттеп немесе кейбір жайттарды қабылдап алуымыз қажет.

Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың 2017 жылы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында айтылғандай, ірі компанияларды IPO-ға шығаруға дайындықты үдету қажет.

АХҚО баспасөз хабарламасына сәйкес Nasdaq (National Association of Securities Dealers Automated Quotations) пен АХҚО 2016 жылы қазан айында қол қойылған Ынтымақтастық бойынша Меморандум аясында ықпалдасып іс атқарады және серіктестігі ұзақмерзімдік стратегиялық тұрғысынан жұмыс істеуге негізделген. Nasdaq-пен Ынтымақтастық негізінде АХҚО Биржасы «ұлттық чемпиондардың» IPO-сы арқылы және мемлекеттік кәсіпорындардың жекешелендіруі арқылы Қазақстан экономикасына инвесторларды тарту платформасына айналады [12]. Бұл ретте «Самұрық-Қазына» биржаға акциялардың максималды көлемі әрбір компанияның пакетінің 25%-ын шығару болжанып отыр.

Қорытындылай келе, «халықтық IPO» қарапайым халықтың қауіпсіз жағдайда табыстарын ұлғайтудың бір тетігі. Бұл әдіс қай жақтан қарасақ та, Қазақстанның қаржы секторының дамуына айтарлықтай үлес қосады. Ең алдымен, елімізді демократияландыруда және халықтың мемлекеттік билікке деген сенімділігін арттыруда маңызды. Себебі, халықтық акционерлерге айналу арқылы ірі мемлекеттік компаниялардың қызметіндегі елеулі мәселелер бойынша ат салысу құқығына ие болады. Осы арқылы кәсіпкерліктің, корпоративтік басқарудың жариялылығы принципі жүзеге асырылады. Бірақ, аталған бағдарлама біраз уақыт аралығына тоқтатылып тұр. Қарапайым IPO механизмі Астана халықаралық қаржы орталығы шеңберінде жалғастыруға ниеттенуде. «Халықтық IPO» қызметін заңдастыру үшін нормативтік-құқықтық акті қабылдауды ұсынамыз. Алдағы уақытта, АХҚО-ның бір саласы ретінде жалғастыру бағалы қағаздар нарығының даму сапасын ұлғайтуда өте өзектідеп санаймыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Вавулин Д.А. О некоторых особенностях первичных публичных размещений акций в российских условиях. \\\ Финансы и кредит. 2012г. №30(510) - стр.53

2. <https://ru.wikipedia.org/wiki>
3. Мухаметкалиев Б.А. IPO как метод финансирования национальных компаний РК // Банки Казахстана. 2012г. №9 – стр.38
4. Кадыржан Дамитов. Перспективы развития казахстанского биржевого рынка. // Депозитариум 2011г. № 4(98) - стр. 25.
5. Инга Сангалова. Самые успешные и самые провальные «народные IPO» мира. <http://narodnoe-ipo.kz/2012/11/samye-uspeshnye-i-samye-provalnye-narodnye-ipo-mira/>
6. Алексей Минаев. Приватизации быть? // Рынок ценных бумаг. 2010г, ноябрь
7. Государство собирается предложить казахстанцам акции стабильных компаний // Казахстанская правда. 2012 г, 2 июнь.
8. <https://sk.kz/page/narodnoe-ipo>
9. Асель Сатаева. Названы причины упразднения программы "Народное IPO" в Казахстане. https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/nazvaniy-prichinyi-uprazhneniya-programmyi-narodnoe-IPO-284213/
10. Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 27 тамыздағы № 954 қаулысы. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400000954v>
11. Өтінішберушінің (лицензиаттың) жарғылық капиталының ең аз мөлшері туралы ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 28 сәуірдегі №168 Қаулысы. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200007733>
12. Nasdaq «Астана» халықаралық қаржы орталығының жұмысына қолдау көрсетеді. 2016 жылғы 14 желтоқсан. // <http://www.aifc.kz/kz/news/38.html>

УДК 347

АЗАМАТТЫҚ ДАУЛАРДЫ ПАРТИСИПАТИВТІК РӘСІМ ТӘРТІБІМЕН РЕТТЕУ

Айдарбеков Нысанбек

Nisanbek_kz@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ заңфакультетінің 3курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.Т.Төлеубеков

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев судьялардың VI съезінде: «Біз Қазақстан – 2050 стратегиясын темірқазық ете отырып, сот жүйесін жетілдіруді жалғастыра беруіміз қажет. Егер де біз реформа жасағанда экономикада, саясатта сот жүйесін, жалпы құқық қорғау жүйесін түземесек, көздеген мақсатымызға жете алмаймыз. Біздің азаматтар сот жүйесінде барлық мәселелерді әділ шешуі керек. Мемлекеттің де, менің де сот жүйесіне көп көңіл бөліп отырғаным сондықтан» [1]. Партиципативтік рәсімде судья жан-жақты дауды зерттеп болғаннан кейін, шешім шығармастан бұрын екі жақтың өзара келісімге келуіне қорғаушылармен бірге уақыт береді. Татуластырумен медиаторлар ғана емес, сонымен қатар, бірінші және апелляциялық инстанция судьялары мен адвокаттар да айналысатын болады. Міне осыны «партиципативтік рәсім» деп атаймыз. Биылғы жылдан бастап шешім шығаруға кенесу бөлмесіне кетердің алдында партиципативтік рәсімін қолданып, тағы да татуласуға жағдай жасалынып отыр.

2015 жылғы 31 қазанда қабылданған Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінде дауды партиципативтік рәсімдер тәртібімен реттеу деген ұғым кіргізілді [2]. Аталған кодексте тараптар татуласу келісімін, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді немесе дауды партиципативтік рәсімдер тәртібімен реттеу туралы келісімді жасап не азаматтық процестік кодексте белгіленген тәртіппен өзге де тәсілдерді пайдалана отырып, дауды өзара талаптардың толық көлемінде не бір бөлігінде реттей алады деп көрсетілген.